

## **ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

### **Университеттің стратегиялық мақсаты**

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамын әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру.

### **Бағыттар бойынша мақсатты индикаторлар**

1. Халықаралық рейтингтердің үздік 300-інің қатарына енген білім беру бағдарламаларының үлесі – 2,8 %.

2. Білім алушылардың жалпы контингентінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (магистранттар, докторанттар) бойынша білім алушылардың үлесі – 27 %.

3. Оқыту мен тағылымдамадан, оның ішінде QS WUR халықаралық рейтингінің үздік 300 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖООКБҰ) өткен оқытушы-профессорлар құрамының (бұдан әрі – ОПК) үлесі – 17 %.

4. Зертханалық жабдықтардың жаңартылуын ескергенде, Қазақстан Республикасы бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындардың жалпы көлеміндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру үлесі – 9,7 %.

5. Scopus-те ҚР ғалымдарынан дәйексөз келтірудің жалпы санынан Scopus дерекқоры бойынша ғалымдардың жарияланымдарынан дәйексөз келтіру үлесі – 21 %.

6. Ғылыми жобалардың жалпы санынан ҚР ЖЖОО КБҰ-мен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп орындалған жобалардың үлесі – 26 %.

7. Корпоративтік басқару жүйесіне тартылған ОПК-ның, білім алушылардың және қызметкерлердің үлесі – 19 %.

8. Университеттің жалпы кірісіндегі коммерциялық қызметтен түскен кірістің үлесі – 10 %.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың сапа саласындағы саясаты** университетті басқару және оның білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін жоспарлау үшін міндетті болып табылады. Университетте барлық персоналдың сапа саласындағы саясатты тиімді іске асыруы қамтамасыз етіледі. Университет ұжымының әрбір мүшесі сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып және оның тиімділігін үнемі қолдай отырып, жүргізілген жұмыстың сапасы үшін өз құзыреті шегінде дербес жауапты болады. Сондай-ақ, университеттің және оның қызметкерлерінің әл-ауқаты олардың әрқайсысының жұмысының сапасына, тұтынушылардың қанағаттану деңгейіне байланысты екенін әркім түсінуі керек.